



Дамыта оқыту технологиясы

Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің «Ұлы Дидактика» еңбегінде айтып талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д. Ушинский, Л.С.

Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л. В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов қарастырған.

В.В.Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз - ақыл-ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай,қорытындылай алу дағдысы»-дейді.Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады.Ол үшін бала өзінің осы күнге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп,білім алуға деген ынтасы артып әрекет жасайды.

• Дамыта оқыту технологиясы-баланы оқыта отырып дамыту. Балабойында еркіндік, мақсаткерлік, мақтаныш, сезім, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б қасиеттер дамыту.

• Дамыта оқытуда баланың ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, баланың өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

• Дамыта оқыту оқу қызметінде ерекше ахуал, тәрбиеші мен баланың арасындағы ерекше қарым-қатынас.

Дамыта оқыту технологиясының тиімділігі

- Ой өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі
- Сын көзбен бағалау шеберлігі артады
- Әдеби тілдік нормаға сәйкес өз ойларын жеткізе білуге үйренеді
- Өз бетімен, топпен жұмыс істеуге дағдыланады
- Оқуда кездескен қиындықтарды жеңе білуге үйренеді

Дамыта оқыту күрделі құрылымды біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесінде көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторларында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, қарым-қатынас сипатында, білім үрдісін ұйымдастыру түрлерінде және т.б

Қорытынды

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.